

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 439 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне қосымшаға сәйкес "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының жобалау-сметалық құжаттамасын дайындауға және инфрақұрылымын салуға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 518500000 (бес жүз он сегіз миллион бес жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 3 м а м ы р д а ғ ы

N 4 3 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының жобалау-сметалық құжаттамасын дайындау және инфрақұрылымын салу жөніндегі іс-шаралардың тізбесі

1. "Оңтүстік" АЭА әкімшілік ғимаратын салуды және аумағын қоршауды аяқтау.

2. "Оңтүстік" АЭА салық комитетінің және кеденінің әкімшілік ғимараттарын с а л у д ы а я қ т а у .

3. "Оңтүстік" АЭА жұмыс жобасын және құрылысын әзірлеуді аяқтау (инженерлік зерттеулер, геология, топография, бас жоспар, ТЭН).

4. "Оңтүстік" АЭА-ға жүргізілетін инженерлік-коммуникациялық желілерді жобалауды аяқтау (сумен жабдықтау және кәріз).

5. "Оңтүстік" АЭА аумағында N 0865 барлау-пайдалану ұңғымасын уақытша электрмен жабдықтау желісін салу.

6. АЭА объектілерін энергиямен жабдықтауды жобалау (ПС 220/10 кВ және Вл-220 к і р і с - ш ы ғ ы с) .

7. "Оңтүстік" АЭА-ға жүргізілетін инженерлік-коммуникациялық желілерді жобалауды аяқтау ("Оңтүстік" АЭА-ның орташа және жоғары қысымды газ құбыры).

8. "Оңтүстік" АЭА-ға жүргізілетін инженерлік-коммуникациялық желілерді салу ("Оңтүстік" АЭА-ның жоғары қысымды газ құбыры).

9. "Оңтүстік" АЭА үшін телекоммуникациялық желілерді жобалау және салу.
10. "Оңтүстік" АЭА-ға темір жол кіре беріс жолдарын жобалау.
11. "Оңтүстік" АЭА-ға кіре беріс автомобиль жолын және Бадам өзені арқылы өтетін көпірді жобалау.
12. Алаңқайішілік инженерлік желілерді жобалау (сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау, телефондандыру, газбен жабдықтау).
13. Кеден үшін қосымша құрылыстарды жобалау (БӨП, салмақтық, бақылау алаңы және бастырма).